

Қазақстан Республикасындағы мәслихат депутаттарын сайлау барысындағы сайлау құқығы қағидаларының жүзеге асырылуы

Садықова Қ.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья посвящена анализу общепринятых принципов избирательного права и их реализации при проведении выборов депутатов маслихатов в Республике Казахстан. Рассматривается порядок проведения выборов на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании. Автор дает анализ уровню реализации принципов избирательного права, в соответствии с которым определяется демократичность и справедливость проведенных выборов депутатов маслихатов в Республике Казахстан.

The article is devoted to analysis of the generally accepted principles of electoral rights and their implementation in the elections of the deputies of maslikhats of the Republic of Kazakhstan. The procedure for conducting elections of the deputies of maslikhats of the Republic of Kazakhstan on the basis of universal, equal and direct suffrage by secret ballot. The author gives the analysis of the level of implementation of the principles of electoral law, in accordance of which is determined by democracy and fairness of the elections of the deputies of maslikhats of the Republic of Kazakhstan.

Заң әдебиеттерінде сайлау құқығы қағидалары жалпылаушы мағынада беріледі. Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасында «сайлау құқығы қағидалары» деп көрсетілгенімен [1], норманың диспозициясында сайлаудың қағидалары анықталған. Осыған орай «заң шығарушы қолданған термин мен әдебиеттерде қолданылған термин арасында қаншалықты ұқсастық бар және оларды біртұтас ұғым ретінде пайдалануға болады ма?» деген сұрақ туады.

Кеңестік мемлекеттанушы А.И.Ким «сайлау қағидалары міндетті мағынаға ие болатын сайлау құқығының қағидалары болып табылады. Ал осы қағидаларды бекітетін нормалар сайлау құқығының сәйкес институты болады» деп анықтаған [2].

А.Е.Постников оларға «сайлау құқығының қағидалары» деген атау берсе, Б.А.Страшунның пікірі бойынша, олар «сайлау жүйесінің қағидалары» деген атауға ие болғаны жөн. С.Д.Князев оларды «Ресей сайлау құқығының басты қағидалары» деп атайды да, сайлау құқығы қағидаларының түсінігін кеңірек ашуға тырысады. Сайлау құқығының қағидаларын ол түрлі сайлауларды өткізудегі ішкі, императивті теңгерушілік пен бұрмаланбауды қамтамасыз ететін сайлау құқықтары, кепілдіктер, іс жосығы мен технологияларды құқықтық реттеудің іргетасын анықтаушы және халық билігінің конституциялық негізі ретінде сайлаудың демократиялық табиғатын көрсететін негізгі қалаушы қайнар көзі деп түсіндіреді. Е.О.Кутафин бұл қағидаларды «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлауға қатысуының қағидалары» деп анықтайды [3].

М.В.Баглай «сайлау құқығы мен сайлау жүйесі қағидаларының» арасында ешбір айырмашылық жүргізбей-ақ олардың жиынтығы міндетті талаптар мен шарттарды береді, ал оларды ұстанбау кез келген сайлауды заңсыз деп тануға негіз болады деп санайды [4]. «Сайлау құқығының қағидалары» сайлаудың демократиялылығын өз бетінше дербес түрде қамтамасыз ете алмайтындығын мойындау қажет. Бұған дәлелді біз конституциялық деңгейде жарияланған «сайлау құқығы қағидаларының» жалған сипаттылығымен ерекшеленген ондаған жылдар бойындағы кеңестік дәуірдің тарихынан тамашалап отырмыз. Сонымен қатар Кеңес Одағының тұсында сайлау құқығының қағидаларына «сайлау құқығы» демократиялық институт ретінде негізгі идеологиялық ауыртпашылық тиген болатын.

Біріншіден, бұл сайлау құқығы қағидаларының нормативті талаптарының сайлау құқығының материалдық мазмұнын құрайтын сайлауларды ұйымдастыру мен өткізу барысында қалыптасатын шынайы қоғамдық қатынастарда көрініс табуда.

Екіншіден, сайлау құқығы қағидаларының азаматтардың сайлау құқығы мен оларды жүзеге асыру үрдістерінің нормативтілігіне сайлау құқығының субъективті құқықтық құрамдас бөлігі ретінде енді.

Үшіншіден, сайлау құқығының қағидалары объективті сайлау құқығының тиісті нормалары мен институттарында белгіленіп жатады.

Төртіншіден, «сайлау құқығының қағидалары» өкілді және өзге нысандардағы сайланбалы демократияның негізгі институттарын қалыптастырудағы саяси-құқықтық механизмдері, объективті және субъективті сайлау құқығын жүзеге асырудың технологиялық құрылымы мен нысандарының негіздік іргетасын құрайды.

Сайлау құқығының қағидалары — сайлау кезіндегі халықтың ерік білдіруінің шынайылығын көрсететін және оны жүзеге асыруға кепілдік беретін талаптар. Бұл қағидаларды бұзу, керісінше, сайлаудың заңсыздығына, сәйкесінше, сайланған өкілді органның заңсыздығына әкеледі.

Сайлау құқығының қағидаларын жүйелі талдаудың жоғарғы саяси-құқық нұсқаушысы және нормативтік негізі — Қазақстан Республикасының Конституциясы. Сайлау құқығы қағидаларының конституциялық бекітілуінің қазіргі нұсқасындағы ақаулықтарға қарамастан, бұл ой әділ екендігі сөзсіз.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясы сайлау құқығы қағидаларының әрекет ету аясын, сәйкесінше, кеңейтіп жіберді. Енді олар өзінің тікелей немесе жаңаша конституциялық көрінісін тек мемлекеттің сайланбалы билік органдарын ұйымдастыру институттарының деңгейінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтарының конституциялық мәртебесінде және, ең бастысы, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылым институттарының ортасынан көрініс тапқан болатын [5].

Екіншіден, көпшілік таныған халықаралық құқықтың қағидалары мен нормалары Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі құрамдас бөлік болып табылатындығы мойындалып, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы сайлау құқығы қағидаларының нормативті-құқықтық базасын едәуір кеңейткен болатын. Кез келген жүйе секілді, сайлау құқығы қағидаларының жүйесі өзінің алуан түрлілігімен, элементтерінің (жеке қағидаларының) ажыратымдылығымен, бір жағынан, және олардың әрекеттесуімен, ішкі біртұтастығымен, екінші жағынан, сипатталады. Бұл өз кезегінде оның элементтік жеке топтарының (жүйелерінің) ішкі жүйелік сұрыптаулық талдауын жүргізуге жол ашады. Аталмыш әдіс сайлау құқығы қағидаларын зерттеуде де қолданылуы мүмкін. Әдебиеттерде сайлау құқығы қағидаларының біртұтас жүйе ретіндегі сұрыптаулық талдауы жоқтың қасы. Нормативті құқық деңгейі мен ерекшелігіне байланысты сайлау құқығы қағидаларын әмбебап (дәстүрлі) және қазақстандық сайлау құқығының жаңа қағидалары деп топтастыру нұсқасын талқылау ретінде ұсыну мүмкіндігі туып отыр. Нормативті мазмұнының ерекшеліктеріне байланысты соңғыларын былайша бөліп қарастыруға болады: а) сайлау құқығының материалды қағидалары; ә) сайлау құқығының іс жүргізу қағидалары; б) аралас құқықтық қағидалары.

Дәстүрлі қағидалар тобына жалпыға бірдей, тең, төте, жасырын дауыс беру жатқызылады. Электоралдық қатынастар саласындағы құқықтық реттеу пәнінің маңызды бөлігін сайлау үрдісінің қағидаларын анықтау қамтиды. Сайлау құқығы өз кезегінде азаматтардың субъективті сайлау құқықтарының мазмұнын, осы құқықтарды жүзеге асырудың заңдық кепілдіктерін, шарттары мен тәртібін реттейтін институттардың жиынтығын құрайды. Сондықтан сайлау құқығының қағидалары азаматтардың сайлау үрдісіне қатысуының сайлаудың жалпыға бірдейлігі, теңдігі, төте және жасырын дауыс беру түріндегі субъективті шектерімен ғана шектеле алмайды.

Сайлау құқығының жаңа қағидаларына келетін болсақ, оларды атап көрсету және нақты мәнін ашу үшін конституциялық құқықтың материалдық және іс жүргізушілік нормаларына қатысты жалпы әдістемелік тұрғыдан жақындау қажет. Бұл мәселені зерттеген тұлғалардың бірі В.О.Лучин өзінің соңғы жұмыстарында да бұл түйінді сұраққа қайта оралып отырған [6]. Әрине, біздің әмбебап (дәстүрлі) деп анықтаған қағидаларымыздың нормативті мазмұнынан материалдықпен қатар іс жүргізушілік бастаулардың бар екенін байқау қиын емес.

Дегенмен, бірінші топқа енгізілген қағидалар өзінің саяси-тарихи, нормативті-құқықтық сипатында ерекше орынға ие екендігі анық. Сол себептен ұсынылып отырған әдісті басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сайлау құқығы қағидаларының жүйесін келесі сипатта қарастыруға болады:

- а) сайлау құқығының әмбебап (дәстүрлі) қағидалары. Оларға, жоғарыда көрсетілгендей, жалпыға бірдей, тең, төте, жасырын дауыс беру қағидалары жатқызылады;
- ә) сайлау құқығының материалдық қағидалары:
 - сайлаудың еріктілігі;
 - ашықтық және жариялылық;
- б) сайлау құқығының іс жүргізу қағидалары:
 - сайлаудың ұдайылығы;

- сайлау үрдісі субъектілерінің арасында сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты өкілеттіктерді бөлу;
- сайлау бәсекелестігі;
- азаматтардың сайлау құқықтарын сот арқылы қорғау;

в) аралас:

- сайлаудың түпнұсқалығы (сайлаушылардың ерік білдіруін бұрмалауға жол бермеу);
- мемлекет пен сайлаушылар алдындағы жауапкершілік.

Жоғарыда көрсетілген сайлау құқығы қағидалары біртұтас жүйені құрайды, өйткені олар бірегей және өзара байланысты нормалардың арасынан өз жалғасын тапқан. Сайлау құқығының қағидалар жүйесі элементтерінің өзара байланысы әр түрлі, бірақ бірін-бірі өзара толықтыратын шарттар, талаптар өзінің жиынтығында сайлаудың түпнұсқалығын, демократиялылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың қағидалары жалпыға танылған сайлау құқығының қағидаларымен барабар.

Жалпыға бірдей сайлау құқығы қағидасының мәні, ең алдымен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 4-бабында ашылады. Осыған сәйкес жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы — Республиканың он сегіз жасқа толған азаматтарының тіліне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беру құқығы. Жалпыға бірдей сайлау құқығы белсенді және бәсең деп екіге бөлінеді.

Бәсең сайлау құқығы — Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының мәслихатының депутаты болып сайлану құқығы.

Конституциямен және сайлау заңнамасымен дауыс беру құқығын иеленетін тұлға сайлаушы болып табылады. Сайлаушылар ретінде Қазақстан Республикасында тек қана мемлекеттің азаматтары ғана танылады.

Сайлаушылар немесе аумақтық бірлік сайлаушыларының жиынтығы «сайлау корпусы» деп аталады, соңғы уақытта берілген терминнің синонимі ретінде «электорат» термині жиі қолданылады. Сайлау корпусы келесідей болып бөлінеді: заңдық сайлау корпусы — тізімге енгізілген (тіркелген) сайлаушылар жиынтығы; деректік сайлау корпусы — дауыс беретін сайлаушылардың жиынтығы; нақты сайлау корпусы — тіркелген және кейбір себептерге байланысты тіркелмеген барлық сайлаушылардың жиынтығы [7]. Сайлау үрдісі субъектілерінің бұл санатына төменде жан-жақты талдау жасалады.

Соңғы жылдары жалпыға бірдейлік қағидасының нормативтік даму векторы Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын жүзеге асырудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін заңдық кепілдіктердің жаңа механизмдерін ойлап табуға қарай бағытталған. Оның бір сипаты жоғарыда көрсетілген жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығының анықтамасының мазмұнында орын алған. Мұндай жағдай сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізіміне дауыс беру күні қарсаңында белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматтары енгізілетіндігін көздейтін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 25-бабындағы құқықтық талаптардың үрдістік шектерімен қамтамасыз етіледі.

Қалыптасқан тәртіпке сай, Қазақстан Республикасында сайлау құқықтарына тек республика азаматтары ғана ие. Әрине, жоғарғы билік органдары үшін мұндай шектеу қою орынды. Жоғарғы мемлекеттік билік органдарына сайлауда дауыс беру, ең алдымен, сайлаушының субъективті сайлау құқығын жүзеге асыру, аса маңызды қоғамдық мәселелер бойынша саяси ұстанымын білдіру болып табылады.

Бұдан басқа қазақстандық сайлау заңнамасы үшін жалпыға бірдейлік қағидасына қатысты белсенді және бәсең сайлау құқығын іске асыру кезіндегі сайлау ценздерінің болуы тән. Ең негізгі қойылатын шек жас цензі болып табылады. Әдетте сайлау құқығын жүзеге асыру үшін сайлау күні тұлғаның белгілі бір жасқа толуы талап етіледі. Қазіргі таңда жас мөлшеріне қатысты ценздің төмендеуі байқалуда, ол өз кезегінде азаматтық кәмелеттік жасқа толу мөлшерінің төмендеуімен байланысты болады. Соның негізінде белсенді сайлау құқығы үшін — 18 жас, мәслихат депутаттарын сайлау кезінде бәсең сайлау құқығы үшін 20 жас анықталған.

Тұрғылықты жерде тұру, яғни отырықшылық цензі, белгілі бір адамға, сайлау құқығының берілген мемлекетте немесе берілген аумақта анықталған уақыт тұрғаннан кейін ғана тиісті болуын білдіреді. Бұл талап арқылы сайлаушы өзі болашақта дауыс беретін жердегі шешілмеген мәселелермен, қолайсыз жағдайлармен танысуға мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасының мәслихат депутаты үшін отырықшылық цензі белгіленбеген, алайда депутаттың өзі сайланған аумақтағы қызметі кезінде тұруы керектігі мәлім. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабының 3-тармағының 7-тармақшасы отырықшылық цензінің депутат болып сайланғаннан кейін мәслихат депутатына тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе тұруға міндеттілігін жүктейді. Егер мәслихат депутаты өзі сайланған тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністен тысқары жерге тұрақты тұруға кетсе, оның өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылады [8].

Мүліктік ценз конституциялық құрылымның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде бекітіле бастаған. Оған сәйкес сайлаушыға анықталған мөлшерде мүлік тиесілі болуы қажет немесе ол бекітілген көлемде салық төлеп отыруы қажет болған. Яғни өзінде қажетті мөлшердегі мүлкі жоқ адамдарда мемлекетті басқаруға қатысуға да құқығы болмаған.

Қазақстан Республикасында мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен сайлау заңнамасындағы талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шотына депозит ретінде ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Егер кандидат сайлау қорытындылары бойынша мәслихат депутаты болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының кемінде бес процентін алса немесе кандидат қайтыс болса, енгізілген жарна оған қайтарылып беріледі. Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне алынады [8].

Елімізде мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға білімділік цензі, яғни сайлауға белгілі бір білімнің бекітілген деңгейінің болуы, және тілдік ценз, мәселен, Республика Президенттігіне кандидатқа қойылатын мемлекеттік тілді еркін меңгеру талабы қойылмаған. Бұл, әрине, мәслихаттар депутаттығына кандидат ретінде тіркелуге ерік білдірген тұлғаларға қолайлылық туғызады.

Сайлауға ерікті қатысу түрде қатысу қағидасы белсенді сайлау құқығымен тығыз байланыста. Сайлау құқығының қағидалары өздерінің нормативті қуаты мен дамуын осыған дейін айтылғандай сайлау заңнамасының нақты баптарынан ғана емес, сонымен қатар өзге де құқықтық институттардан, атап айтсақ, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылым институттарынан да алады. Мұнда ерекше рөлге «халық билігі» қағидасы ие.

Сайлаудың еріктілік сипаты қағидасын сайлау қағидаларының қатарына жатқызуға болады. Республикамыздағы сайлаудың еріктілігіне «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның 3-бабындағы Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылатындығы және азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқтығы жайлы норма кепілдік береді. Сайлауға ерікті қатысу қағидасы сайлаушының сайлау үрдісіне қатысуды, қаншалықты мөлшерде қатысуды не қатыспауды өзі шешетіндігін көздейді. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ [8].

Сайлаудың еріктілігі қағидасымен «абсентеизм» ұғымы, яғни сайлаушылардың дауыс беруге жаппай қатыспауы (латын тілінен аударғанда «қатыспау» деген мағынаны білдіреді), ұштасады. Оның деңгейіне әр түрлі себептер, көбінесе саяси және экономикалық жағдайлар әсер етеді. Мұндай әрекет немесе әрекетсіздік саяси және саяси емес сипатта болуы мүмкін. Егер сайлаушы сайлауға түрлі жағдайларға байланысты қатыспаса (денсаулық жағдайы, жол жүріп кету, сайлау учаскесінің қашықтығы және тағы басқалар) не немқұрайдылық танытса, қызығушылығы болмаса, абсентеизм саяси емес сипатта болады. Ал егер сайлаушы өтіп жатқан сайлау үрдістерін әділетсіз деп санау, кандидаттардың ойынан шықпауы немесе сайлауға өзінің мемлекет істеріне араласу мүмкіндігі ретіндегі демократиялық институт екендігіне сенімсіздік білдіруі сияқты себептерге байланысты сайлауға қатыспау арқылы өзінің қарсылығын білдіру — саяси сипаттағы абсентеизм [9].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы 2002 жылғы 7 қазанда қол қойылып, 2007 жылғы 4 шілдеде күшіне енген Конвенцияның 4-бабының мазмұны төте сайлау құқығы қағидасын сақтау негізін азаматтардың сайлауда тікелей тиісінше кандидатты жақтап, не болмаса кандидатқа қарсы, не барлық кандидаттарға қарсы дауыс беретінін білдіретіндігін қамтамасыз етілуімен анықтайды [10].

Тең сайлау құқығы қағидасы әрбір сайлаушыда сайлаудың нәтижесіне әсер етудің тең мүмкіндігінің болуын білдіреді. Оған сәйкес Конституциямен кепілдік берілетін маңызды негіз — азаматтардың теңдігі қағидасынан бастау алады.

Сайлау құқығының теңдігі, ең бірінші кезекте, әрбір сайлаушының дауыс санының кез келген басқа сайлаушыдағы дауыс санымен тең болуын аңғартады. Батыс әдебиеттерінде бұл термин «бір адам — бір дауыс» ретінде анықталады [11].

Тең сайлау құқығы қағидасы әрбір азамат бір дауысқа немесе басқа азаматтармен бірдей дауыс сандарына ие болатындығына және өзінің дауыс беру құқығын басқа азаматтармен тең тұрғыда жүзеге асыра алатындығына негізделген, сондай-ақ оның дауысы басқа да сайлаушылардың дауыстарымен бірдей салмаққа ие болады, бұл орайда сайлаушы дауысының салмағына мемлекетте қолданылатын сайлау жүйесі әсерін тигізбеуі тиіс; бір және көп мандатты сайлау округтерінде дауыс беруді өткізгенде бұл округтар дауыс беру нәтижелерін сайлаушылардың еркі мүмкіндігінше дәлме-дәл және толық көрінетіндей болып тең негізде құрылуы тиіс дегенді білдіреді. Әрбір азамат сайлауға өз кандидатурасын ұсыну кезінде теңдей мүмкіндіктерге ие. Яғни, сайлау қорытындысына тигізетін әсері тең болуы қажет. Тең сайлау құқығы қағидасын бұзу мен ондай құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік түрлері бекітіледі.

Төте сайлау құқығы қағидасы азаматтарға өз мандатын ешбір делдалсыз, өздеріне танымал және сенім білдіре алатын тұлғаға беруіне мүмкіндік туғызады. Кез келген жанашырлыққа ұмтылатын, соның ішінде төте демократиялық сайлауға сергектікпен қарайтын Қазақстан үшін мұндай нормативтік қағида ерекше көкейтесті болып келеді. Атап айтқанда, демократиялық рәсімдер мен сайлау құқығын жүзеге асыруға деген сенімділікке ие болу мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 42-бабының 1-тармағында бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы болатындығы ескерілген. Ондай адамның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады. Көмегін пайдалануға болатын сенетін адамдардың ретінде сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі — журналист, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы бола алмайды.

Жасырын дауыс беру қағидасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 8-бабына сәйкес мәслихат депутаттарын сайлауда дауыстың жасырын берілетіндігімен әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейтіндігімен маңызды.

Аталмыш баптағы норманың мәні сайлаушылардың ерік білдіруіне ешбір жағдайдың ықпал жасамауын, яғни олардың ерік білдіруін ешбір өзге тұлға біле алмауы үшін жағдай жасалатындығын сипаттайды. Оның үстіне сайлаушының қай кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс бергендігі туралы ақпаратты талап етуге ешкімнің құқығы жоқ. Бұл ереженің бұзылуы заңда көзделген жауапкершілікке алып келеді.

Азаматтардың дауыс беру құпиясына құқықтары ешқандай түрде және негіздермен шектелмейді. Сайлау жасырын дауыс беру рәсімін пайдалану арқылы өткізіледі. Сайлау органдары Конституция мен сайлау заңнамасында бекітілген талаптардың сақталуын қамтамасыз етіп, сайлаушының жасырын дауыс беру орнында бюллетенді толтыруына қандай да бір бақылауды немесе байқауды жүзеге асыру, сайлаушының ерік білдіру құпиясын бұзатындай қандайда болсын іс-әрекет жасау мүмкіндігін болдырмайды. Қазақстан Республикасында дауыс берудің құпиялылығын сақтау үшін жасырын дауыс беру кабиналар арналған. Халықаралық тәжірибені қарастыратын болсақ, кейбір шет мемлекеттерінде сайлау конверті нысаны да қолданылады. Дауыс берудің мұндай технологиясын біздің мемлекетке де енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. Себебі бұл сайлаушыларға олардың дауысының шын мәнінде жасырын болуының кепілдігін арттырып, ҚР мәслихат депутаттарын сайлау құқықтық институтының дамуын одан әрі жалғастырады.

Ерікті сайлау мен сайлау үрдісінің қағидаларының талаптарының бірі — сайлаудың баламалығы болып табылады. Баламалық қағидасы демократиялық бәсекелес сайлау үрдісінің ұйымдастырылуы мен өткізілуінің алғышарты болып табылады. Баламалық қағидасы сайлау кампаниясын жүргізу мен оның нәтижелерін заңдық тұрғыда мойындаудың бастапқы және соңғы шарты болып табылады. Ол сайлаушыға бірнеше кандидаттың арасынан өз еркін білдіре отырып біреуін таңдап алуды білдіреді,

егер кандидаттардың саны біреуден кем болатын болса, сайлаушы мұндай таңдау мүмкіндігінен айырылады, ал сайлау формалды түрде дауыс беруге айналып кетеді.

Сайлау заңнамасында баламалық қағидасын ашып қарастыратын құқықтық сипаттама болмағанымен, мәслихаттар депутаттарын қайта сайлау және тағы басқа жекелеген заңдық шарттары анықталған.

Сайлаудың баламалық қағидасы бәсекелестікті туғызады, ал ол артықшылықтар мен мол пайдаға жету барысындағы күрес, бақталастық туындатыны анық. Заң шығарушы бәсекелестікті бекіте отырып, сайлау үрдісі кезінде тараптардың тең құқықтары және сайысушылығын кепілдендіріледі. Қазіргі қазақстандық сайлау заңнамасы сайлау еркіндігін кепілдендіретін әр түрлі құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де құралдарды қарастырады. Мәселен, бұл қағиданың заңдық формуласы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 103-бабында берілген, яғни егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Сайлаудың ашықтығы мен жариялылығы, сондай-ақ кез келген, соның ішінде сайлау рәсімдерін жүзеге асыруға байланысты ақпаратты заңды жолмен іздеу, қабылдау, беру, өңдеу және таратуға қатысты бостандықтарды кепілдендіретін жалпы демократиялық қайнар көздердің көрінісі ретінде конституциялық маңызы бар. Белгілі қазақстандық құқықтанушы-ғалым С.К.Амандықованың пайымдауынша, сайлаудың жариялылығы қағидасы сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің ашықтығы мен жариялылығын, сайлаудың барша үрдісінің бұқаралық ақпарат құралдарының жан-жақты көрсетуімен қамтамасыз етеді [12]. Мұның айқын дәлелі — «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-бабында көзделген сайлау комиссиялары қызметінің алқалық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылуы. Бұл қағиданың нормативтік мазмұны көрсетілген баптың 6 және 7-тармағында одан әрі толығырақ ашылады. Атап айтсақ, бұл тармақтарда сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылуға және өзгедей жолмен жариялауға жататын, өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдай жасайтындығы, сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, байқаушылар қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алатындығы анықталған.

Сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізу барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеу тәжірибесі сайлау құқығы қағидасының нормативті мазмұнының уақыт кеңістігіндегі өзгеруін, орнынан жылжуын білдіреді. Ал сайлау құқығының көптеген нормалары заңдық нысандағы саяси нормалар болып табылғандықтан, сайлау құқығы қағидаларының нормативті мазмұны, бір жағынан, биліктік-саяси бақталастық нысандарына, екінші жағынан, қоғамның құқықтық санасындағы олардың көрінісі мен бағасына жаңаша түрде тәуелді болып келеді.

Сайлаудың ашықтығы мен жариялылығы қағидасының бұзылуын дұрыс бағалау және, ең маңыздысы, олардың алдын алу барысында, тәжірибе көрсеткендей, көптеген қиындықтармен кездеседі. Ашықтық және жариялылық қағидасы өзінің тиістік нормативтік дамуын әзірге заңнамадан таба алмаған көрінеді.

Сайлау үрдісінің барлық кезеңдерінде оның қатысушыларының әрекеттеріндегі ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету заң шығарушылар мен құқықты жүзеге асырушылардың бірінші кезектегі міндеті болып саналады. Жол берілуі мүмкін қателіктер мен кемшіліктерді жоятын, сайлауды бұрмалау әрекеттерін шектейтін аталмыш қағиданың сайлау құқығы үшін маңызы орасан зор.

Сайлаудың ашықтығы мен жариялылығы сайлаушылардың сенімін нығайтып, олардың белсенді қатысушылығын қамтамасыз етеді және жалпы сайлау жүйесінің нығаюына жағымды әсер етеді.

Ашықтық және жариялылық қағидасы көпшілік биліктің сайлау институттарын ұйымдастырудың әмбебап қағидаларының қатарына жатқызылады. Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы аталмыш қағиданың сайлау үрдісінің барлық кезеңдерінде сайлау комиссияларының қызметінде жүзеге асырылуын, сонымен қатар сайлау үрдісінің барлық қатысушылары үшін сайлау компанияларының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ететін нормалардың жиынтығын бекіткен. Мәселен, жариялылық сайлау үрдісіне байқаушылар институтын енгізу, сайлау комиссияларына сайлауды ақпараттық хабарландыру міндеттілігі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дауыс беру қорытындылары мен сайлау нәтижелері туралы ақпараттар беру институттарының заңнамалық бекітілуі.

Объективті шынайы сайлау қағидасы еркін сайлау шарты ретінде баламалық қағидасымен тығыз байланысты. Шынайы сайлау барысында шынайы саяси плюрализм, идеологиялық сан алуандылық және көп партиялық, сайлаушылардың кандидаттар жайлы ақпаратты еш кедергісіз алуы, кандидаттардың тең дәрежеде бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділігі орын алады. Осының негізінде шынайы сайлау сайлаушыларға құқық пен заңға сүйенген түрде кандидаттарды таңдауына мүмкіндіктер беріледі. Сонымен қатар шынайы сайлау кезінде кандидаттар мен сайлаудың өзге де қатысушылары ақылға қонымды мерзімдер мен тәртіптерде толыққанды сайлау алдындағы кампанияға қол жеткізеді.

Келесі бір ерекше қағидалардың бірі — сайлау үрдісінің міндеттілігі мен кезеңділігі қағидасы. Аталмыш қағида демократиялық құқықтық мемлекетте сайлау мемлекеттік билік органдарын қалыптастырудың бірден-бір және бірегей кепілдендірілген заңдық әдісі болатын саяси-құқықтық талаптан туындайды. Сайлау үрдісінің міндеттілігі мен кезеңділігі дегеніміз — құзыретті органдар көпшілік биліктің сайланбалы институттарының қызметінің уақытын бекітуі, сайлау үрдісі арқылы жүйелі түрде олардың қызметін жаңартып отыруға тиіс.

Мәслихаттардың сайлауының міндеттілігі мен кезеңділігінің жалпы құқықтық тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясының 86-бабында мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайтындығы жайлы нормамен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылу тәртібі анықталды, яғни Республика Президенті мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 101-бабы мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауымен қатар, кезектен тыс сайлауын тағайындау тәртіптерін бекітеді [8].

Сайлау үрдісінің міндеттілігі мен кезеңділігі қағидасының мәні мемлекеттік билік органдарының, соның ішінде жергілікті мәслихаттардың өкілеттіктерінің шекті мерзімдер сияқты құқықтық шектеулермен шектелетіндігімен байланысты. Заңдық және деректік түрде бұл дегеніміз — сайлау міндетті түрде қандай да бір уақыт аралығында өткізіледі деген сөз. Біздің жағдайымызда ол — бес жыл мерзім. Мәслихаттардың өкілеттік мерзімін нормативтік реттеу, бір жағынан, олардың қызмет етуінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болса, екінші жағынан, дауыс беру қорытындылары мен сайлау нәтижелері бойынша депутаттардың ауыспалылығын қамтамасыз ету. Сайлау өткізудің ұдайылығы — мәслихаттардың қызметінің демократиялылығы мен заңдылығының шарттарының бірі.

Қазақстандық заң шығарушы Қазақстан Республикасы азаматтарының мәслихаттар депутаттарын сайлау және сайлану, өзінің саяси еркін білдіру, сондай-ақ қалыптасып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, мемлекеттік билікті бейбіт және өркениетті түрде тапсыру және тағы да басқа маңызды конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуінде шешуші рөл атқаратын сайлау комиссиясының тәуелсіздігін қамсыздандырудың мағынасы зор екендігін анықтайды. Сондықтан «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады [8].

Келесі қағида — сайлаудың түпнұсқалығы. Бұл қағида азаматтардың ерік білдіруін бұрмалауға жол берілмейтіндігін нормативтік қамтамасыз етеді. Нағыз сайлауда сайлаушыларға шынайы таңдау жасауға мүмкіндік беріледі. Түпнұсқалы сайлауларды өткізу халықаралық құқық нормаларының жүзеге асырылуына ықпал жасайды. Еркін және әділ сайлаулардың белгілері туралы Декларацияда биліктің толыққандылығы нағыз сайлауларда көрініс тапқан халықтың ерік білдіруінен ғана келіп туындауы мүмкін деп айтылған.

Негізгі қызметі — адам құқықтарын қорғау, сайлауларға байқаушы рөлінде қарау арқылы демократиялық институттарды жандандыруға арналған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы 1990 жылдың 29 маусымында қабылдаған Адам өлшемдері бойынша конференцияның Копенгаген Кеңесі құжатының 7.9 тармағы «қатысушы-мемлекеттердің халық еркі өкімет билігінің негізі болуы үшін сайланған кандидаттардың өз лауазымына кірісе отырып, сайлаушылардың алдындағы жауаптылығын мойындауын қамтамасыз етуі керектігін» бекітеді [13].

Біздің мемлекетіміздің заңнамасында кеңестік дәуірдегі ерекше институт — қайта шақыртып алу қарастырылмаған. Депутаттарды қайта шақыртып алу құқығы — халық билігінің шынайы көрінісі және сайлаушылардың мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылау жасау құралдарының

бірі. Оның бекітілмеуі, әлбетте, сайланған мәслихат депутаттарының халық алдында ешқандай жауапкершілігі жоқ дегенді білдірмейді. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 21-бабы мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі міндеттері жүктелген [14]. Оларды орындамау, тиісінше, жауапкершілік іс-шараларына алып келуі әбден мүмкін. Мәселен, депутаттың өз округі сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, өзінің депутаттық қызметінің барысы туралы жылына кемінде бір рет хабарлап отыруға, сайлаушылардың өзіне келіп түскен өтініштерін қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізуге қатысты міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаса, өкілеттілігі мерзімінен тыс тоқтатылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Мухамеджанов Э.Б. Избирательное право Республики Казахстан: теоретико-правовые вопросы. — Алматы: Жеті жарғы, 2001. — 175 с.
2. Ким А.И. Советское избирательное право. Вопросы теории избирательного законодательства и практика его применения. — М.: Юрид. лит.-ра, 1985. — 46 с.
3. Избирательное право и избирательный процесс в Российской Федерации: Учебник для вузов / Отв. ред. А.В.Иванченко. — М., 1999. — 856 с.
4. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации: Учебник для юрид. вузов и фак-тов. — М.: НОРМА, 1999. — С. 346–348.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: ЮРИСТ, 2008. — 40 б.
6. Юсов С.В. Принципы избирательного права и их реализация в условиях формирования новой Российской государственности. — М., 2008. [Электрон. дан.] — Режим доступа <http://diss.rsl.ru/>.
7. Боброва Н.А. Конституционный строй и конституционализм в России // Закон и право. — М.: Юнити-Дана, 2003. — 214 с.
8. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы [Қазақстан Республикасының 28.09.1995 № 2464 Конституциялық заңы] // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. — 1995. — № 17, 18. — 114-қ.
9. Бабай А.Н. Проблемы формирования правовой государственности в современной России // Сб.: Права человека и проблемы формирования правового государства в условиях реформирования российского общества. Материалы межрегион. науч.-практ. конф.). — Хабаровск: Дальневосточный ин-т законодательства и права, 1999. — С. 22–24.
10. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы [04. 07. 07 Конвенция] // Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені. — 2007. — № 3, 4. — 23-қ.
11. Мишин А.А. Конституционное (государственное) право зарубежных стран. — М.: Юстицинформ, 2001. — 346 с.
12. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы. — Астана: Фолиант, 2001. — 54-б.
13. Руководство ОБСЕ / БДИПЧ по наблюдению за выборами. — Варшава: Второе издание, 1997. — 38 с.
14. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы [Қазақстан Республикасының 23.01.2001 № 148 Заңы] // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — 2001. — № 3.